



Түйінді сөздер: инновациялар, инновациялық әлеует, жаһандық индекс, адами капитал, ішкі нарық, бизнес, мемлекеттік реттеу, нормативтік орта, инвестициялар.

Ключевые слова: инновации, инновационный потенциал, глобальный индекс, человеческий капитал, внутренний рынок, бизнес, инфраструктура, государственное регулирование, нормативная среда, инвестиции.

Key words: innovation, innovation potential, global index, human capital, internal market, business, infrastructure, state regulation, regulatory environment, investments.

Жаһандық инновациялар индексі (ЖИИ) – бұл жаһандық зерттеу және оның негізінде 128 елдің инновацияларының даму деңгейін анықтайтын рейтинг көрсеткіші болып табылады. Индексті шығару әдістемесі және оған керекті деректер көзі Корнель университеті, INSEAD бизнес мектебі және Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы жариялайтын жыл сайынғы «Жаһандық инновациялық индекс» баяндамасында келтіріледі. Бұл баяндамада зерттеумен қамтылған экономикалардың әрқайсысы үшін белгілі бір мемлекеттің және оның ұлттық экономикасының егжей-тегжейлі сипаттамасы беріліп, елдің рейтингтегі жалпы позициясы бойынша толымды қорытындылары шығарылады және Индексті шығаруда қолданылған талдаулар кезінде байқалған ең маңызды инновациялық артықшылықтары мен кемшіліктері айтылады.

ЖИИ 2007 жылдан бастап жарияланып, қазіргі таңда әлем елдерінің инновациялық даму көрсеткіштерінің бірден-бір өлшемі болып отыр. ЖИИ-2016 рейтингіне әлемнің барлық өңірлерінен 128 ел қатысқан болатын. Бұл елдерде әлемдегі ЖІӨ көлемінің 98%-ы шығарылып, жер бетіндегі халықтардың 92%-ы өмір сүреді екен. Рейтинг инновациялық қызметтің әлеуетін, нәтижелілігін және негізгі шарттарын көрсететін 82 әр түрлі өзгерістерден құрастырылған. ЖИИ институттар, адами капитал, ғылыми зерттеулер, инфрақұрылым, ішкі нарықты дамыту, бизнестің жағдайы, технологиялар мен білім экономикасын дамыту, креативті қызмет нәтижелері сияқты сипаттамаларды қамтиды.

Жалпы алғанда, экономикалық даму деңгейіне қарамастан әлемдегі әр елдің инновациялық қызметінің дамуын дәл сипаттайтын және жаһандық инновациялық индексті құрайтын 80 негізгі көрсеткіштер бар. Осы мәселе бойынша зерттеулер мен талдау нысандары Абуева М. [1] және Самусева Л.А. [2] еңбектерінде кездеседі. Оған сүйенсек, ЖИИ-дегі елдер позициясы инновациялық жүйелердің тиімділігін бағалауға және олардың дамуына арналған жағдайларға ғана емес, сонымен қатар, рейтинг қалыптастыру практикасындағы өзгерістерге де байланысты (қарастырылатын елдер құрамындағы өзге-

рістерге, көрсеткіштерді бағалау әдіснамасын түзетуге, дереккөздерді жаңартуға, деректердегі шығарылымдарды және жіберілген мәндерді есепке алуға және т.б.). Яғни, экономиканың табыстылығы инновациялық әлеуеттің болуына да және сонымен қатар оның іске асырылуына арналған жағдайларға да байланысты.

Индекс көрсеткіштердің төрт тобын бағалаудың өлшенген сомасы ретінде есептеледі (1 сурет) [3]:

1. Жалпы ЖИИ «Иелігіндегі ресурсмен инновация жүргізу шарттары» және «Инновация жүргізудегі қол жеткізген тәжірибелік жетістіктері» атты индикаторлардың орташа арифметикалық көрсеткіші болып табылады;

2. Иелігіндегі ресурсмен инновация жүргізу шарттары (*Innovation Input*):

- институттар;
- адами капитал және зерттеулер;
- инфрақұрылым;
- ішкі нарықты дамыту;
- бизнесті дамыту.

3. Инновация жүргізудегі қол жеткізген тәжірибелік жетістіктері (*Innovation Output*):

♦ технологияларды және білім экономикасын дамыту;

♦ шығармашылық қызмет нәтижелері.

4. Инновациялар тиімділігінің коэффициенті шығындар мен тиімділік арақатынасы болып табылады, бұл қандай да бір елдегі инновацияларды дамыту бойынша күш салудың тиімділігін әділ бағалауға мүмкіндік береді.

Осылайша, қорытынды индекс шығындар мен тиімділік арақатынасы болып табылады, бұл қандай да бір елдегі инновацияларды дамыту бойынша күш салудың тиімділігін әділ бағалауға мүмкіндік береді.

ЖИИ-тің құрамдауыштарын толық атап өтейік [4].

1. Институттар «Саяси орта» индексі:


✓ саяси тұрақтылықты (бағдар тұрақтылығы және азаматтардың оған әсер ету қабілеті);

✓ мемлекеттік басқару тиімділігін (қоғамдық қызметтердің сапасы, мемлекеттік менеджмент сапасы, мемлекеттік қызметшілердің құзыреті, мемлекеттік қызметтердің саяси қысымнан тәуелсізділігі, саясаттағы мемлекеттік міндеттемелердің сенімділігі);

Аграрная политика: механизм реализации

✓ құқықтық нормалардың тиімділігін (құқықтық дауларда заңдылықтың сақталуы)

қамтиды.



1 сурет – Жаһандық инновациялық индексінің құрылымы

«Мемлекеттік реттеу» индексі:

♦ реттеу сапасын (еркін нарықты шектеу: мемлекеттің баға белгілеуге араласуы, банктік қадағалау деңгейі, сыртқы саудадағы шектеулер және бизнестің дамуын реттеу);

♦ әкімшілік кедергілерді (рұқсаттар алу, регламенттеу және есеп беру);

♦ есептілік және аудит стандарттарының күшін қамтиды.

«Көпшілік институттар жасайтын бизнес үшін жағдайлар» индексі мынадай көрсеткіштерді қамтиды:

- бизнесті ашу жеңілдігін («бизнесті жүргізу жеңілдігі индексінен» алынады);

- баспасөз еркіндігін;

- зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды.

2. Адами капитал.

«Білім саласына инвестициялар» индексі мынадай көрсеткіштерді қамтиды:

- білім саласына жұмсалатын шығыстар ЖІӨ %-ы;

- фирмалардың кадрларды даярлауға және инвестициялауға дайындығы.

«Білім беру институттарының сапасы» индексі:

■ білім беру жүйелерінің сапасын;

■ ғылыми-зерттеу институттарының сапасын;

■ бизнес және басқару мектептерінің сапасын бағалайды.

«Инновациялық әлеует» индексі келесі көрсеткіштердің негізінде құрылады:

- 1 млн халық есебімен алғанда ғылыми зерттеулермен және әзірлемелермен айналысатындар саны;

- ғалымдар мен конструкторлардың қолжетімділігі дәрежесі;

- мектеп түлектерін жоғары білім жүйесімен қамту.

3. Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар. «ІСТ инфра-құрылым» индексіне халықты ауқымды теле және радиохабарландырумен, стационарлық телефон және ұялы байланыспен қамту жатады. «Жалпы инфрақұрылым» индексі желілердің, соның ішінде көлік желілерінің сапасын және халық басына шаққандағы электр энергиясының тұтынылуын бағалайды. «Пайдаланушылар инфрақұрылымы» индексі халықтың, бизнестің және мемлекеттік қызметтердің компьютерлермен және интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз етілуін бағалайды.

4. Нарықтарды жетілдіру. «Инвесторлар мен кредиторлар үшін жағдайлар» индексі банкроттық туралы заңнаманың күшін, қарыз алушылар мен кредиторлар туралы ақпараттың қолжетімділігін, инвесторлардың құқығын қорғауды, қаржы нарықтарының дамуын бағалайды. «Жеке тұлғаларға берілетін несиелердің қолжетімділігі» индексі бизнестің венчурлық капиталды, шағын қаржыландыруды, қор нарығының ресурстарын, сондай-ақ еліміздегі ішкі несиелендіру және


сыртқы қаржыландыру мөлшерлерін тарту мүмкіндігін бағалайды.

5. Бизнесі жетілдіру. «Фирмалардың инновациялық ортасы» индексі компаниялар мен мемлекеттің зерттеулер мен әзірлемелерге (R&D) жұмсайтын шығыстарының көрсеткіштері және шет елдерден инновациялық технологиялар трансфері негізінде құрылады. «Инновациялық экожүйе» индексі инновациялық кластерлердің дамуын, жоғары мектеп пен бизнестің өзара іс-қимылын, инновациялық қызмет мәдениетін дағдыландыруды бағалайды. «Ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекелестік үшін ашықтық» индексі еліміздегі кедендік тарифтер деңгейін және нарықтардың бәсекеге қабілеттілігі дәрежесін қамтиды.

6. Ғылыми нәтижелер. «Білім жасау» индексі патенттердің, ғылыми жарияланымдардың санын, біліктілікті арттыруды және жаңа технологиялар (ұқсастыру, әзірлеу) алу тәсілдерін бағалайды. «Білімді пайдалану» индексі пайдаланылатын технологиялар (еңбекті қажет ететін, ғылымды қажет ететін) қарқындылығын, еңбек өнімділігінің өсу қарқынын, өнімдегі қосылған құн үлесін, жұмыспен қамтылғандар арасында «ақ жағалылардың» үлесін бағалау негізінде құрылады. «Экспорт және жұмыспен қамту» индексі экспорттағы жоғары технологиялық өнім үлесін және фирмалардың, соның ішінде жаңа фирмалар санының жұмыс күшіне қатынасы ретінде бизнес пен жаңа бизнестің тығыздығын қамтиды.

7. Шығармашылық нәтижелер және әлауқат. «Шығармашылық нәтижелер» индексі креативті өндірістердің әр түрлі тауарлардың халықаралық саудасына қатысуын, олардың өнімінің экспорт көлемін, экспорттан түскен кірістерді және авторлық құқықтар мен лицензиялардың импортына жұмсалатын шығыстарды, елдегі резиденттер мен бейрезиденттердің белгілі сауда маркаларының санын бағалайды.

Ағымдағы жыл қорытындылары бойынша Швейцария, Швеция, Біріккен Корольдік, Америка Құрама Штаттары, Финляндия, Сингапур, Ирландия, Дания, Нидерланды және Германия көшбасшы елдер болып танылған (2 сурет). 2016 жылы Қазақстан ықтимал 100 балдан 31.51 балмен әлемнің 128 елі арасынан 75-орынға ие болған. Біз Филиппин (74 орын) мен Доминикан Республикасы арасында (76 орын) орналастық. Ең жоғары балды төртінші жыл қатарынан Швейцария алып келеді – 66.28 (1-орын). ТМД елдері арасында Қазақстан Өзірбайжан (37-орын) мен Ресейден кейін (43-ші орын) үшінші орында орналасқан. ТМД қалған елдері ЖИИ рейтингінде келесі тәртіп бойынша орын төпкен: Грузия – 59-ші, Тәжікстан – 77-ші, Армения – 79-ші, Украина – 85-ші, Молдова – 100-ші, Қырғыз Республикасы – 101-ші орындар. Екінші суреттен жылдары жалпы рейтингте Қазақстанның позициясы кейінгі алты жылда 84-орыннан 75-орынға дейін өзгеріп отырғандығын көруге болады.



2 сурет- ЖИИ жалпы рейтингтегі елдердің жайғасымы

1-ші кестеде Қазақстанның 2011-2016 жылдар динамикасындағы рейтингі ұсынылған. Динамикадан ЖИИ-дің соңғы 5 жылы ішінде инновациялар ресурстары мен нәти-

желері шамалы өзгеріске ұшырағаны байқауға болады, тек 2016 жылы ғана барлық көрсеткіштер бойынша өсу жағына қарай едәуір серпін байқалады [3].

Кесте 1 – 2011-2016 жж. ЖИИ-тегі Қазақстан жайғасымының динамикасы

Жыл	ЖИИ	Инновацияның ресурстары	Инновациялардың нәтижелері	Инновациялардың тиімділігі
2016	75	65	90	108
2015	82	75	107	124
2014	79	69	101	118
2013	84	69	106	126
2012	83	67	105	131
2011	84	64	103	112

2016 ж. жағдай бойынша баяндаманың статистикалық деректерін назарға ала отырып, келесі жағдайларды атап өтуге болады:

1. Қазақстан Дүниежүзілік банктің жіктеліміне сәйкес «UM» тобына, яғни табысы орташа деңгейден жоғары елдер тобына жатқызылған. Осы топ елдері арасында біз 20-орынды иелендік, ал бірінші орында – Қытай.

2. БҰҰ жіктелімі негізінде Қазақстан географиялық жағынан «CSA» өңіріне – Орталық және Оңтүстік Азия елдеріне жатқызылған (олар барлығы 10). Өз өңірімізде біз Үндістаннан кейін 2-орынды алып отырмыз.

3. Қазақстанның инновациялар саласындағы мемлекеттік саясатын талдау және бағалау үшін негізгі көрсеткіш «IER» болып табылады (инновациялық тиімділік арақатынасы). Қазақстанда ол 0.51 деңгейінде қалыптасқан, бұл орташа әлемдік көрсеткіштен де төмен (0.65) және ол бойынша біз 128 ел ішінен 108-орындамыз. Осы көрсеткіш «шығын/пайда» екі суб-индексі көрсеткіштері бойынша жиналған балдардың арақатынасы болып табылады. Осы көрсеткіш бойынша 1.02 арақатынасымен Люксембург бірінші орын алады.

5. «Шығындар» суб-индексі бойынша Қазақстан 41.75 балмен 65 орынды иеленді, бұл орташа әлемдік көрсеткішке (41.87) жақын. Осы суб-индексте біз Беларусь (64 орын) пен Монғолия (66) арасында орналастық. Осы көрсеткіш бойынша біздің өңірімізде бірінші орынды Бутан алып отыр.

6. «Пайда» суб-индексі бойынша орташа әлемдік мән 26.35 тең болса, Қазақстан 21.27 балмен 90 орынды иеленіп отыр. Бұл суб-индексте біз Аргентина (89 орын) мен Мадагаскар (91) арасынан табылып отырмыз. Бұл көрсеткіш бойынша біз өз өңірімізде Үндістан, Тәжікстан, Иран және Шри Ланкадан кейін 5-орынға орнықтық.

7. Қазақстан бірде-бір көрсеткіштер бойынша алғашқы ондыққа кірме алмағанын атап өту қажет. Табысы орташа деңгейден жоғары елдер тобында алғашқы ондыққа Қытай (25),

Малайзия (35), Болгария (38), Түркия (42), Коста Рика(45), Румыния(48), Черногория(51), Таиланд (52), Маврикий (53), ОАР (54) енген.

8. Баяндамада Қазақстан елдердің екі тобына жатқызылған: «тиімсіз инноваторлар» және «аутсайдерлер» (underperformers). «Тиімсіз инноваторлар» тобына «инновациялық тиімділік арақатынасы» көрсеткіштері 0.66 төмен елдер кірген.

9. «Жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкциялық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) жұмсалатын жалпы шығындар» көрсеткіші бойынша табыстары орташа деңгейден жоғары елдер тобы үшін орташа сан 0.51%. Бұл көрсеткіш бойынша біз 0,2%-бен әлемде 92-орынды қанағат тұттық.

2-ші кестеде қазақстандық инновациялық жүйенің күшті және әлсіз жақтарын бағалау келтірілген. 2016 жылғы деректерге сәйкес Қазақстанның инновациялық саладағы бәсекелі басымдықтары төмендегідей өлшемдерде шоғырланған:

■ институттар (54 орын): орта білімдегі оқушылар/мұғалім арақатынасы (15), бизнес-орта (27 орын), соның ішінде бизнес ашу қарапайымдылығы (21), салықтар төлеу қолайлылығы (17);

■ инфрақұрылым (54 орын): электрондық қатысу индексі (22), Үкіметтің онлайн-сервисі (23), сатып алу қабілеттігінің паритеті негізінде ЖІӨ өсу қарқыны/жұмысшылар арақатынасы %(16), жалпы жинақтау, ЖІӨ %(16).

Инновациялық жүйенің басқа да күшті жақтарына орта білімдегі оқушылар/мұғалім арақатынасы (15), Үкіметтің онлайн-сервисі (23), миноритарлық инвесторларды қорғау деңгейінің индексі (25), патенттер түрі (28) жатады. Керісінше, келесі топ көрсеткіштері Қазақстанның позициясын кері тартып отыр:

♦ адами капитал және ғылым (66 орын): білімге жұмсалатын шығыстар (102), шығыстары орташа есеппен 3 млн АҚШ долларына дейін құрайтын жаһандық зерттеулер мен әзірлемелер компаниялары (45);

Аграрная политика: механизм реализации

технологияларды және білім экономика сын дамыту (83 орын): ғылыми және техникалық мақалалар (121), зияткерлік меншікке түсімдер (92), білімге жұмсалатын шығыстар (102); қабілеттілігінің

◆ креативті қызметті дамыту (91 орын): өнеркәсіптік үлгілер (94), жоғарғы деңгейдегі жалпы домендер (113).

Қазақстанның инновациялық жүйесінің басқа да әлсіз жақтарына ЖІӨ/ энергия пайдалану бірлігі арақатынасы (109), венчурлық мәмілелер/ сатып алу

паритеті негізінде ЖІӨ-нің арақатынасы (85), шет елдер қаржыландыратын ҒЗТҚЖ-ға жалпы ішкі шығыстар, % (91) жатады.

Кесте 2 – Қазақстанның инновациялық жүйесінің басымды және әлсіз жақтары: ЖИИ-2016

Басымды жақтар	Әлсіз жақтар
- Орта білімдегі оқушылар/мұғалім арақатынасы (15) - Сатып алу қабілеттілігінің паритеті негізінде ЖІӨ өсу қарқыны / жұмысшылар арақатынасы % (16) - Жалпы жинақтау, ЖІӨ % (16) - Салықтар төлеу қолайлылығы (17) - Жұмыстан шығу бойынша өтемақы (21) - Бизнес ашу қарапайымдылығы (21) - Электрондық қатысу индексі (22) - Үкіметтің онлайн-сервисі (23) - Миноритарлық инвесторларды қорғау деңгейінің индексі (25) - Патенттер (28)	- Білімге жұмсалатын шығыстар (102) - Шығыстары орташа есеппен 3 млн АҚШ долларына дейін құрайтын жаһандық зерттеулер мен әзірлемелер компаниялары (45) - Қазақстанның инновациялық жүйесінің басқа да әлсіз жақтарына ЖІӨ/ энергия пайдалану бірлігі арақатынасы (109) - Венчурлық мәмілелер/ сатып алу қабілеттілігінің паритеті негізінде ЖІӨ-нің арақатынасы (85) - Шет елдер қаржыландыратын ҒЗТҚЖ-ға жалпы ішкі шығыстар, % (91) - Ғылыми және техникалық мақалалар (121) - Зияткерлік меншікке түсімдер (92) - Ақпараттық және байланыс технологиялар қызметін экспорттау (92) - Өнеркәсіптік үлгілер (94) - Жоғарғы деңгейдегі жалпы домендер (113)

Қазақстанның ЖИИ-дегі тұрақты позицияларына және индекстің жекелеген құрамдауыштарының жақсаруына қарамастан, еліміздің өнеркәсібіне, соның ішінде агроөнеркәсіп кешеніне, инновацияларды енгізу және қолдаудың ұлттық жүйесінің дамыту әлі де қалыптасу деңгейінде қалып отыр. Бұл жағдайды оның әлемнің жетекші елдерден артта қалуының бірден-бір себебі ретінде қарастыруға болады. Соңғы жылдар ішінде ресурстар көрсеткіштері мен инновация нәтижелері өзгеріп отырды, ал жалпы алғанда оң динамика байқалды. Алайда, нақты бәсекелі басымдықтардың болуына қарамастан, көшбасшы мемлекеттермен салыстырғанда еліміз рейтингтің біршама өлшемдері бойынша артта қалып қойды. Инновациялық қызметтің тиімділігі елдегі жалпы экономикалық жағдайға және мемлекеттік ғылыми-техникалық стратегияға, ресурстық қамтамасыз етудің толыққандығына, нарық конъюнктурасына, кәсіптік кадрлардың болуына және тиімді менеджментке байланысты. Индекстің объективтілігін жақсарту үшін рейтингті есептеу әдістемесі жыл сайын қайта қаралады. Мысалы, биылғы жылы да жаңа сапалы көрсеткіштер енгізілді. Дегенмен, әлі де болса кейбір үрдістерді шынайы түрде сипаттау мүмкін болмағандықтан, ЖИИ моделін елдің инновациялық дамуын бағалауда негізгі көрсеткіш ретінде қарастыруға болмайды. Осыған қарамастан, еларалық салыстыру-

лардың мақалада келтірілген қорытындылары Қазақстанның ұлттық инновациялық жүйесін жан-жақты дамытуға бағытталған кешенді және үйлестірілген саясатты қажет етеді.

Осыған орай, 2015-2019жж. арналған индустриалды-инновациялық стратегиясының екінші кезеңінде Үкімет нақты басым салаларды айқындау, экспорт бағдарын арттыру, бизнестің қатысуын арттыру, кластерлерді дамыту мен өңірлердің мамандануын тереңдету секілді мәселелерге барынша мән беріп отыр.

Индустриялы-инновациялық саясатты жүргізу барысында оның әрбір мықты және әлсіз жақтарын және олардан таралатын мүмкіндіктер мен қатерлерді ескеру қажет. Бүгінгі таңда еліміздің өнеркәсібінің және ауыл шаруашылығы саласының индустриалды-инновациялық дамуының әлсіз жақтары әлі де болса байқалып отыр. Олардың қатарына өндіруші өнеркәсіпті инвестициялау белсенділігінің төменділігін; білікті мамандар санының шектеулігін; шағын және орта бизнестің тапшылығы мен мемлекет басымдылығын; инновациялардың бәсекелесу қабілеттілігінің әлсіздігін, отандық кәсіпкерліктердің бәсекелестігінің тиісті деңгейде болмауын жатқызуға болады.

Анықталған мәселелерді жетілдіру және Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды-инновациялық даму стратегиясының тиімді түрде жүзеге асу үшін келесідей ұсыныстар жасауға болады:

▲ индустриальность-инновационность даму стратегиясының бағдарламаларын қаржыландыру көзі ретінде шикізаттық экспорттан түсетін табыстар болғандықтан, құрылымдық қайта құрудың стратегиялық мақсаттарына жету үшін, біріншіден, шикізаттық экспорт табысының төмендеуін болдырмау және екіншіден, оның өндірістік инвестицияларға конверсиялауының тиімді жолдарын анықтау;

▲ ғылыми-технологиялық дамудың басым бағыттары бойынша білікті ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау;

▲ шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан қолдау жасау, өйткені әлемдік тәжірибеге сүйенсек, инновациялардың басым көпшілігі шағын кәсіпкерліктен туындайды; биыл Астана қаласында өтетін «EXPO-2017» шағын және орта бизнес иелеріне жаңа энергия үнемдеу технологияларымен танысуға және оларды өз жұмыстарында қолдануға, кәсіпкерліктің дамуына әкелетін идеялардың пайда болуына, сонымен қатар инновациялық өнімдерді іске асыруға мүдделі инвесторларды табуға мүмкіндік бермек.

Пайдалынған әдебиеттер тізімі

1 Абуева М. и др. Развитие инновационной деятельности в Республике Казахстан // Символ науки. – 2016. – №. 6-1. – С. 130-132.

2 Самусева Л.А. Глобальный индекс инноваций в группе стран бывшего СССР // «Инновации: Бизнес. Образование». – Материалы межд. Научн.-практич.конференции. – 2014. – С. 72-77.

3 Dutta S., Lanvin B. Global Innovation Index 2016: Winning with Global Innovation. – INSEAD. – 2016. – P. 307.

4 Мылтыкбаева А.Т. Измерение национального развития Республики Казахстан в контексте глобального индекса инновационного развития // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2014. – №3 (103). – С. 174-184.

5 Қалдияров Д.А., Бедельбаева А.Е. Қазақстан агроөнеркәсіптік кешенін инновациялық дамытудың өзекті проблемалары // Аграрлық нарық проблемалары. – 2016. – №2. – Б. 22-27.

Pajdalynған әдеbiеттер тізімі

1 Abueva M. i dr. Razvitie innovacionnoj dejatel'nosti v Respublike Kazahstan // Simvol nauki. – 2016. – №. 6-1. – S. 130-132.

2 Samuseva L.A. Global'nyj indeks innovacij v gruppe stran byvshego SSSR//«Innovacii: Biznes. Obrazovanie» // Materialy mezhd. Nauchn.-praktich.konferencii.– 2014. – S. 72-77.

3 Dutta S., Lanvin B. Global Innovation Index 2016: Winning with Global Innovation. – INSEAD. – 2016. – P. 307.

4 Myltykbaeva A.T. Izmerenie nacional'nogo razvitija Respubliki Kazahstan v kontekste global'nogo indeksa innovacionnogo razviti-ja// Vestnik KazNU. Serija jekonomicheskaja. – 2014.– №3 (103).- S. 174-184.

5 Qaldijarov D.A., Bedelbaeva A.E. Qazaqstan agroönerkäsipтік keshenin innovacijalyq damytudyn özektі problemalary //// Agrarlyq naryq problemalary. – 2016. – № 2. –B. 22-27.

